

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Әдістемелік кеңес хаттамасы

03 қыркүйек 2024 жыл

№1

Төрағалық етуші: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары- Абыкеева Б.
Қатысқандар: 23 (тізім тіркеледі)

КҮН ТӘРТІБІ

1. Жаңа оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың негізгі бағыттары. Әдістемелік бірлестік жұмыс жоспарын бекіту
2. Пәндер, курстар, сыныптан тыс жұмыстар бойынша бағдарламаларды бекіту.
3. 2024-2025 оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарын және аттестаттау жоспарын құру, бекіту
4. Пән апталықтарын өткізу жоспарын келісу.

ТЫҢДАЛДЫ:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Б.К.Абыкеева әдістемелік кеңестің күн тәртібімен таныстырды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Әдістемелік кеңестің бірінші сұрағы бойынша 2024-2025 оқу жылына арналып құрылған әдістемелік жоспармен және онда қаралған сұрақтармен таныстырылды. Әдістемелік кеңес жоспары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 21 желтоқсанда бекітілген №644 бұйрығының ережелері мен талаптарына сәйкес 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік жоспары қаралып талқыланып, бекітуге ұсынылды. Бірлестік жетекшілері мектеп ұжымын бірлестіктерінде қаралған 2024-2025 оқу жылына жасалған әдістемелік бірлестік жоспарлармен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша мектеп ұжымын 2024-2025 оқу жылына арналған нұсқау хатпен таныстырды. Ондағы көрсетілген ерекшеліктерді атап өтті. Сыныптан тыс іс-шаралар бойынша бағдарламалары процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымдары осы әдістемелік-нұсқау хатты, сонымен бірге өз сөзінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет. Вариативтік курс бойынша келесі мұғалімдердің жоспарлары қаралып бекітуге ұсынылды:

- 1- сынып Тақырыбы: «Көркем жазу» (құрастырушы Жумабекова М.С.),
- 2- сынып Тақырыбы: «Математика және логика» (құрастырушы Тулеубаева Р.А.),
- 2- сынып Тақырыбы: «Көркем жазу» (құрастырушы Тулеубаева Р.А.),
- 3- сынып Тақырыбы: « Логика әлемі» құрастырушы Жумабекова М.С.),
- 4- сынып Тақырыбы: «Занимательная грамматика» (құрастырушы

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Нурмаганбетова А.Т), элективті курс 10 сынып тақырыбы: «Есептер шығару технологиясы» (құрастырушы Кыздарбекова А.Р.), 10 сынып үшін элективті курс тақырыбы: «Саптық жаттығулар» (құрастырушы Тұрғанов Н.Т.), 11-сынып «Математика пәнінен ҰБТ-ге дайындық есептерін шығару» (құрастырушы Кыздарбекова А.Р.), 11-сынып «Ақпараттық процесстер» (құрастырушы Шакиртхан К..

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бірлестік жетекшілері кезекті аттестациядан өтетін мұғалімдер тізімімен таныстырды Айтжанова Г.К. қоғамдық -гуманитарлық бірлестіктен соңғы 2020 жылы аттестация өткен мұғалімдердің 2024-2025 оқу жылында аттестациядан өтуге дайын екендерін айтып өтті. Жаратылыстану- математикалық бағыты бойынша Кыздарбекова А.Р. әдістемелік нұсқау хаты бойынша сұрақтар қойып, өз пікірлерін ортаға салды. Аттестация өтетін мұғалімдердің құжаттары толық дайын еместігін әлі толықтыруды қажет ететінін тілге тілек етті Негізі кезекті 3 мұғалім өту керек екендігін айтып өтті. Ұсыныс қабылданды.

Келесі мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Абыкеева 2024-2025 оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары және аттестаттау жоспарымен педагогтарды таныстырып кетті. Қалып қойған немесе кезектен тыс өтуге ниет білдіретін ұстаздардың бар жоғын анықтап өтті. 2024-2025 оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарын және аттестаттау жоспары талданды, бекітуге ұсынылды.

Оқу ісінің орынбасары Армия Б. пән мұғалімдерін 2024-2025 оқу жылының пән апталықтарын өткізудің жосапымен таныстырды, ұсыныстары тыңдалды, жоспар бекітілді.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес шешім қабылдады:

1. 2024-2025 әдістемелік жұмыс жоспары, бірлестік жоспарлары бекітілісін.
2. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттағы барлық көрсетілген ережелер оқу-әдістемелік үрдісте қолданыс тапсын, курс, сыныптан тыс жұмыстар бойынша бағдарламалар бекітілсін
3. 2024-2025 оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары және аттестаттау жоспары бекітілсін
4. 2024-2025 оқу жылына арналаған пән апталықтарының жоспары бекітілісін.

Әдістемелік кеңес төрағасы
Хатшы



Б.Абыкеева
Қ.Ақжібек